



АҚПАРАТТЫҚ ХАБАРЛАР

2017 жылғы 15 наурыз

Қазақстан үшін зейнетақы жүйесінің әртараптандырылған моделін сақтап қалу маңызды – Д. Ғалиева



«Қазақстан үшін зейнетақы жүйесінің әртараптандырылған моделін сақтап қалу маңызды, себебі зейнетақы төлемдері көздерін әртараптандыру қағидаты Қазақстанның зейнетақы жүйесіне қаржылық тұрғыдан орнықты болып қалуына мүмкіндік береді». Осындай пікірді Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры жанындағы Қоғамдық кеңестің кезекті отырысында «Зейнетақы секторындағы ағымдағы ахуал және зейнетақы активтерін басқару туралы» [таныстырылымымен](#) сөз сөйлеген кезде Қазақстан Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасары Дина Ғалиева білдірді.

Д. Ғалиеваның айтуы бойынша, көптеген елдер зейнетақыларды әртүрлі құрауыштардан төлеуді көздейтін зейнетақы жүйесінің әртараптандырылған моделін құру жолымен жүрді. «Бұл модель бір құрауыштың кемшіліктерін басқасының артықшылықтары есебінен өтеуге мүмкіндік береді», – деді ол.

Сөзін жалғастыра отырып, Д. Ғалиева «халықаралық стандарттарда зейнеткерлерге жұмыс өтілі кемінде 35 жыл болған және аударымдар жүйелі түрде жылына 12 рет жасалған кезде жоғалтқан жалақысының кемінде 40%-ы деңгейінде алмастыру коэффициентімен қамтамасыз ету қажеттілігі ұсынылатынын» атап өтті. «Қазақстанда осы стандарттарға сәйкестік ортақ және базалық зейнетақыларды, БЖЗҚ-дан төленетін төлемді, 2023 жылдан бастап шартты-жинақтау құрауышынан төленетін төлемді және 2030 жылдан бастап бюджеттен кепілдік берілген ең төмен зейнетақыны қоса алғанда, әртүрлі құрауыштардан төленетін төлемдер есебінен қамтамасыз етіледі», деп түсіндірді Д. Ғалиева.

Сонымен бірге, сөз сөйлеу барысында Қазақстан Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасары «Ұлттық Банктің жұртшылық пен Ұлттық Банктің арасындағы зейнетақы

жүйесін дамытуға және жетілдіруге бағытталған ашық диалогтың нысаны ретінде БЖЗҚ жанындағы Қоғамдық кеңестің жұмысына үлкен мән беретініне» назар аударды.

«Таза» инвестициялық кіріс үлесінің жиынтығы зейнетақы жинақтарының 20%-н құрайды – Д. Ғалиева



«2017 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша Қазақстанда «таза» инвестициялық кіріс үлесінің жиынтығы зейнетақы жинақтарының 20%-н құрайды». Бұл туралы Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының жанындағы Қоғамдық кеңестің кезекті отырысында «Зейнетақы секторындағы ағымдағы ахуал және зейнетақы активтерін басқару туралы» таныстырылымымен сөйлеген сөзінде Қазақстан Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасары Д. Ғалиева хабарлады.

Д. Ғалиева «зейнетақы қорларының кірістілігі бүкіл әлемде халықаралық қор нарықтарындағы ахуалдың және экономикалық конъюнктураның өзгеруіне байланысты және көбіне жағымсыз мәннен жағымды мәнге және керісінше өзгеруі мүмкін» екендігін атап өтті.

Таныстырылымды жалғастыра келе, Д. Ғалиева Мемлекет басшысының тапсырмасын іске асыру шеңберінде әзірленген, зейнетақы активтерін жеке басқарушы компаниялардың басқаруына беруге байланысты ұсыныстарға тоқталып өтті.

Атап айтқанда, ол «салымшыға инвестициялық стратегияны және жеке басқарушы компанияны таңдау құқығының берілетінін, бұл, біздің пікірімізше, зейнетақы қызметтерінің бәсекелес нарығын дамытуға түрткі болатынын, мысалы, бәсекелес ортадағы жұмыс басқарушы компанияларды көбірек инвестициялық кіріс алуға, салымшыларға қызмет көрсету сапасын арттыруға, инвестицияларды нарықтық талаптармен жүзеге асыруға ынталандыратынын айтты. «Бұл ұсыныстарды іске асыру Қазақстан Республикасының заңнамасына тиісті өзгерістер мен толықтырулар енгізуді талап етеді. Зейнетақы жинақтарын басқару жүйесін болашақта реформалау тұжырымдамасы бүгінгі күні Қазақстан Республикасының Үкіметімен талқыландуда», – деп нақтылады Д. Ғалиева.

ҚРҰБ Төрағасының орынбасары Қазақстанда мемлекет зейнетақы төлемдерін алушыларға БЖЗҚ-ға нақты енгізген міндетті зейнетақы жарналарының зейнеткерлікке шыққан сәттегі инфляция деңгейі ескеріле отырып сақталатынына кепілдік беретінін еске салды. «Әлемнің ешбір басқа елінде мұндай кепілдік жоқ. Әдетте, зейнетақы жүйелеріндегі кепілдіктер жүйесін қатысушылардың өздері – зейнетақы қорлары немесе басқарушы компаниялар қамтамасыз етеді, олар инвестициялық кірістің белгіленген

«бэнчмаркке» қатысты белгілі бір ең төменгі мөлшерлемесіне кепілдік береді. Көп жағдайда мемлекеттік бағалы қағаздар бойынша кірістілік немесе елдің зейнетақы жүйесі бойынша белгілі бір кезеңдегі орташа алынған кірістілік осындай «бэнчмарк» болады», – деп қорытындылады Д. Ғалиева.

Толығырақ ақпаратты мына телефон бойынша алуға болады:

+7 (727) 2704 585

e-mail: press@nationalbank.kz

www.nationalbank.kz